



# ПЕДАГОГИКА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ  
«Жалпы педагогика және психология» кафедрасы**

# **Дидактика – педагогикалық ғылымдар жүйесінде**

**Орындаған: Нұрсаламова Ғазиза**

**Мамандығы: Дефектология**

**Тобы: Деф 14-1**

**ТАРАЗ 2016 жыл**

## **Жоспары:**

1. Дидактиканың мақсат, міндеттері, объектісі, пәні, негізгі категориялары
2. Оқытудың әдіснамалық және психологиялық негіздері мен атқаратын қызметтері
3. Оқытудың әдістері, классификациясы



***А. Байтұрсынұлы мұрасынан:***

*«Білім - қарудың бір түрі.*

*Терең білімді адам шеберлікке бейім:  
ол не істесе де, зор құрметке лайық»*



## 1. Дидактиканың мақсат, міндеттері, объектісі, пәні, негізгі категориялары

**Дидактика** (гр. *διαλεκτική* – тәлімді) – білім беру, оқыту, тәрбиелеу теориясы; педагогиканың үйренушілерге білімді, машық пен дағдыны меңгерту және тәрбиелеу заңдылықтарын зерттейтін, әр кезеңде берілетін білім мазмұнының көлемі мен құрылымын айқындайтын, білім берудің әдістері мен ұйымдық формаларын жетілдіру жолдарын ғылыми негіздеумен айналысатын саласы.

## Дидактика ғылым ретінде төмендегідей мәселелерді қарастырады:

- Не үшін оқытамыз (оқыту мен білім берудің мақсаты)?
- Кімді оқытамыз(оқыту субъектілері)?
- Оқытудың қандай стратегиялары тиімді (оқыту принциптері)?
- Неге оқытамыз(білім беру , оқыту мазмұны)?
- Оқытуды қалай ұйымдастырамыз(оқытуды ұйымдастыру формасы)?
- Оқытуға қандай құралдар қажет(оқулықтар , оқу құралдары , компьютерлік бағдарламалар , дидактикалық бағдарламалар және т.б.)?
- Оқыту нәтижесінде неге қол жеткіземіз (оқыту нәтижелерін сипаттайтын көрсеткіштер мен өлшемдер )?
- Оқыту нәтижелерін қалай бақылауға және бағалауға болады (оқыту нәтижелерін бақылау, бағалау әдістері)?

**Дидактиканың негізгі категориялары** –білім беру, оқыту, сабақ жүргізу, оқу , оқыту принциптері және мұның құрамды бөлімдеріне тиесілі міндеттері , мазмұны , түрлері әдістері , құралдары оқытудың нәтижелі түрде жүзеге асуына негіз болып табылады. Дидактика – үнемі дамып, өркендеп отыратын сала . Өйткені білім беру мен оқытуды терең зерттеп, оны меңгермейінше ғылымды жетілдіріп , өмір талаптарын орындап, уақыт мәресінен шығу мүмкін емес. Оқыту туралы ол «өтеді», ол «жүзеге асырылады» және «іске асады», ол адамға белгілі бір «білімдердің , іскерліктердің , дағдылардың берілуі», ол сондай –ақ оқушының білім алу мәселесі«шешілетін оқытушы мен оқушылардың мақсаты бағытталған өзара әрекеті», деп көп айтылып та , жазылып та жүр . Ол оқушылардың ғылыми білімдер мен дағдыларды меңгеруіне , шығармашылық қабілеттерін , дүниетанымын және адамгершілік – этикалық көзқарастары мен сенімдерін қалыптастыруға , оқу танымдық қызметін ұйымдастыру жолдары .

**Дидактиканың зерттейтін пәні** – ол білім беру мен оқытудың теориясы мен практикасы, басқаша айтқанда, білім беру мен оқыту процестерінің заңдылықтары мен ерекшеліктері.

Сонымен бірге дидактика білім беру мен оқытудың мазмұнын, оқыту принциптерін, оқытудың ұйымдастырудың формалары мен әдістерін қарастырады.

**Дидактиканың міндеті:** «нені оқыту» және «қалай оқыту керек» (Я.А. Каменский бойынша) – деген сұрақтарға дәлелді жауаптар беру. Сондықтан да дидактиканың қарастыратын негізгі мәселелері:

- оқыту процесінің мәні мен оның заңдылықтарын ашу;
- оқытудың білімділік мазмұнын анықтау;
- оқытудың негізгі қағидалары, яғни принциптерін белілеу;
- оқытудың тиімді әдістері мен ұйымдастыру формаларын анықтап, олардың түрлерін жасау.



# *Дидактикада оқу технологиялары төмендегідей сипаттарымен жіктеліп, топтастырылады:*

- қолдану деңгейі: жалпы педагогикалық, пән әдістемелік, бөлімдік (модульдік);

- философиялық негізі: ғылыми және діни, гуманистік және әміршіл- әкімшіл (авторитарлы);

- тәжірибе меңгерудің ғылыми негіздемесі (концепция): байланыс-жауапты (ассоциатив-рефлекторлы); іс-әрекетті (бихевиористік), іштей ұғу (интериоризаторлы), дамытушы;

- тұлғалық құрылымға бағдарлануы: ақпараттық (білім, ептілік және дағдылар қалыптастыру), нақты қимыл-әрекеттік (оперативті- ақыл-ой әрекеттері әдістерін қалыптастыру)

Дәстүрлі оқу жүйесін жаңалау бағыты (модернизация): оқушы іс-әрекетінің белсенділігін көтеру және жеделдестіру технологиясы



**Вольфганг Ратке (1571-1635) -** көрнекті неміс педагогы, Коменскийдің ережелеріне жақын оқыту ережелері жүйесін жасаған ірі дидакт. 1612 ж. Майндағы Франкфурт қаласында өткен неміс князьдерінің құрылтайына төмендегі үш, оның пікірінше, ең маңызды мәселені шешуге арналған нұсқаулық ұсынды: 1. көне де, жаңа да тілдерді жылдам және оңай үйренуді қалай қамтамасыз етуге болады. 2. жастар әр түрлі ғылымдар мен өнерді зерделей алатын ана тіліндегі мектептерді барлық жерде қайтіп ұйымдастыруға болады. 3. Бүкіл Германияда басқарудың, тілдің және діннің бірлігіне қалай жетуге болады. Оның пайымдауынша дидактика оқытудың теориялық негіздерін зерттеумен айналысатын ғылыми пән.



Педагогикада бұл ұғымды тұңғыш рет еңгізген неміс педагогы В. Ратке (1571-1635) болды.

Педагогика ғылымының философия шеңберінен өз алдына дербес ғылыми пән болып қалыптасуына айырықша үлес қосқан чех халқының ұлы педагогы Ян Амос Коменский (1592-1671). Оның “Ұлы дидактика” атты ғылыми еңбегі – педагогика теориясындағы тұңғыш шығармалардың бірі.

“Ұлы дидактика” – Я.А. Коменскийдің педагогикалық жүйесінде толық және дәлелді түрде баяндалған шығарма. Бұл еңбекте ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесінің мәселелері, сондай-ақ ұлы педагог ұсынған жаңа мектепті ұйымдастыру мәселелері зерттелді. “Осыдан келіп ол орта ғасырлық мектеп тәртібіне қарсы шықты, мектеп балаға сүйіспеншілікті, адамгершілік жақсы қасиеттерді тәрбиелейтін “адамгершілік шеберханасы” болуға тиіс деген көзқарасты ұсынды.



# Оқушы мен ұстаз іс әрекетінің жаңа сабақ типіндегі ұйымдастырылу ерекшеліктері

## Дәстүрлі дидактика

Мұғалімнің іс-әрекеті

Оқушының іс-әрекеті

## Жаңа дидактика

Оқушы мен оқытушының бірлескен іс-әрекеті



## Бақылау сұрақтары

- Дидактика дегеніміз не?
- Дидактиканың мәні.
- Дидактиканың негізгі категорияларын немесе ұғымдарын атаңыз.
- Дидактиканың негізгі категорияларына немесе ұғымдарына анықтама беріңіз.
- Дидактиканың заңдылықтарын атаңыз.

## 2. Оқытудың әдіснамалық және психологиялық негіздері мен атқаратын қызметтері

**Оқыту** – қоғамдық құбылыс. Себебі, оқытудың мақсат, міндеттері және оның мазмұны мен әдістері туралы мәселелер қоғамның қажеттілігінен туындап, тарихи дамып, қоғам дамуының барлық кезеңдерінде мектеп алдына қойылған міндеттерді қарастырып отырады.

**«Процесс»** деген ұғым – бұл ілгері қарай қозғалыс, бір ізділік әрекеттің заңдылығын көрсететін түсінік. Оқыту білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертетін, оқушыларда дүниеге ғылыми көзқарасты қалыптастыратын, олардың дүние танымы мен шығармашылық күш-қайраты және қабілетін шыңдап дамытатын процесс.

Оқыту – мақсатты процесс. Оның мақсат, міндеттері мен мазмұны және ұйымдастырдағы амал-тәсілдері тек қоғамның талабымен, қажеттілігімен байланысты туындап, өзгеріп, жаңарып отырады.

Оқыту – таным процесі. Себебі, оқыту барысында оқушыда білмеуден білуге қарай ілгері қозғалыс болады.

## **Леонид Владимирович Занков**

(10 [23].10.1901 — 27.11.1977) — кеңес

психологі. Дефектология, есте сақтау, педагогикалық психология саласындағы

маман. Л.С.Выготскийдің шәкірті.

Балалардың дамуының тәжірбиелі зерттеулерін жүргізген. Оқушылардың

дамуы мен оқу факторларының

мәселелерін қарастырған. Өзі аттас

дамыта оқыту жүйесінің авторы. Л.В.

Занков оқыту – оқушының жалпы рухани

дамуын қамтамасыз етуі қажет дейді.

Оқыту – дидактикалық процесс

болғандықтан, болашақ мұғалім оның

өзіне тән психологиялық, педагогикалық

ерекшеліктерін білуі өте қажет.



Оқушының білім алуда ілгері қарай басуына себепкер болатын негізгі күш – түрлі қайшылықтар. Бала білмеуден білуге басқанда, әртүрлі қайшылықтар мен қиындықтарға кездеседі, оларды шешу, жеңу нәтижесінде оқу міндеттері жүзеге асырылады.

Баланың оқуына күшті әсер ететін себептердің бірі- мотивтер. Мотивтер деп – белгілі әрекетке итермелейтін бағыттайтын себепті айтады. Оқушының мотивтері оның қажеттері мен қызығуларына байланысты болады. Бала жақсы оқу үшін – білімнің өмірге керек екенін түсінуі және сол білімге қызығуы қажет.

Оқытудың міндеті – оқушыны табиғат, қоғам және адам дамуының жалпы заңдылықтарымен қаруландыру. Оқушы дүние тануда ғылыми жаңалық ашпайды, ол бұрын ғылымда белгілі болған, зерттеліп дәлелденген фактілерді, заңдылықтар мен қағидаларды ұғынады, өзінің күнделікті практикасында қолданады.



Оқыту – даму негізі. Бұл ретте көрнекті психолог Л.С. Выготскийдің мына сөздерін еске алғн жөн. Жақсы оқыту деп, ол – баланың дамуынан ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады. Л.С. Выготский баланың кешегі күнгі дамуына емес, ертеңгі күні дамуына керек деп ескертеді, осыған орай, ол – бала дамуының «екі зонасы» болатынын айтады. «Бірінші зона» – бала дамуының қазіргі қол жеткен сатысы, осыған қанағаттанып қоймай, мұғалімнің оқушыларды болашақтағы дамудың ең жақын сатысына («екінші зонаға») жеткізуге міндетті екендігін айтады.

Оқыту – екі жақты процесс. Оқыту процесі оқушы мен мұғалімнің өзара бірлесіп жасайтын әрекетінен тұратын күрделі әрекет. Себебі, оқыту – мұғалімнің білім берудегі жетекші әрекеті болса, оқу – баланың өзінің танымдық, практикалық әрекеті.

Оқыту – жоспарлы процесс. Мұғалім оқушылардың жалпы рухани дамуын жүйелі қамтамасыз етуі үшін оқыту процесін жоспарланған, ұйымдастырылған түрде жүзеге асырады. Оқушы білімді қысқартылған, педагогикалық тұрғыдан өзгертілген жолмен мұғалімнің және арнайы жазылған оқу құралдарының көмегіне сүйене отыра меңгереді.

Сонымен бірге, оқыту процесі оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отыра, таным қызметінің формасы мен әдістерін соған орай отырады.

Оқыту – бұл күрделі процесс. Ол тұлғаға білім беру, тәрбиелеу және ақыл-ойы мен шығармашылық қабілетін, яғни біліктілігі мен дағдысын дамыту негізінде жүзеге асырылады. Бұның мәнісі, жеке тұлғаға біртұтас ықпал жасауды көздейді.

Әлеуметтену

Білім беру

Оқыту

Тәрбиелеу

Платон,  
«Софист» )

# Оқу дегеніміз не?

Оқу ұғымының мазмұны қол жеткен нәтижелер немесе пайдалы тәжірбие мәнінде қарастырылуы мүмкін. Зерттеу жұмыстарына жүргізілген талдау оқу нәтижелерінің бес санатын анықтауға мүмкіндік береді:

- Оқу – білімнің сандық ұлғаюы ретінде. Оның нәтижесі алынған ақпарат болып табылады (негізі міндет – көп білу)
- Оқу есте сақтау ретінде. Нәтиже – қайта өндіруге болатын есте сақталған көлемді ақпарат.
- Оқу ақпарат жинақтау ретінде. Нәтиже – есте сақталып, қажет болған жағдайда қолдануға болатын факті, дағды және әдістердің айтарлықтай мөлшердегі жиынтығы.
- Оқу мағынаны ұғыну және оның мәнін анықтау ретінде. Нәтижесі - әлемді өзгеше қырынан танып-білу.

## Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

- Оқыту процесі дегеніміз не? Оқыту процесінің екі жақты сипатын қалай түсінесіз.
- Білім алу мен оқытудың мәніне және құрылымына сипаттама беріңіз.
- Оқытудың білімдік, дамытушылық және тәрбиелік қызметіне қысқаша сипаттама беріңіз.

### 3. Оқытудың әдістері, классификациясы

*Әдіс* дегеніміз - оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері.

Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. *Оқыту әдістері* – бұл мұғалім мен оқушылардың оқу-тәрбие жұмысының міндеттерін шешуге бағытталған өзара бірлескен іс-әрекетінің тәсілі. Оқыту әдістерінде объективті /мұғалімнен тәуелсіз/ және субъективті /оған тәуелді/ бөлімдер болады.

Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызу керек. Олар оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқытуда ең басты нәрсе – оқушылардың танымдық жұмыстары.

Оқыту әдістері әр түрлі функцияларды орындайды: оқытушылық, мотивациялық, дамытушылық, тәрбиелеушілік, ұйымдастырушылық.

Дидактикалық мақсатына қарай оқыту әдістерінің екі тобы бөлінеді: оқу материалын бастапқы меңгертуге әсер ететін әдістер және алынған білімді бекітетін және жетілдіретін әдістер. Бірінші топқа жататындар: ақпараттық-дамытушылық әдістер /мұғалімнің ауызша баяндауы, әңгіме, кітаппен жұмыс/; оқытудың эвристикалық әдістері /эвристикалық әңгіме, зерттеушілік әдіс/. Екінші топқа жататындар: жаттығулар /үлгі бойынша, түсіндіріліп отыратын жаттығулар, вариативті жаттығулар т.б./.

Ю.К.Бабанскийдің классификациясы бойынша оқыту әдістері үлкен үш топқа бөлінген: оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың және жүзеге асырудың әдістері; оқу-танымдық іс-әрекетті ынталандырудың және себептендірудің әдістері; қадағалаудың және өзін-өзі қадағалаудың әдістері.

Рецепция /қабылдау/ кезінде ақпараттың бүкіл көздері /сөз, көрнекілік және т.б./ қолданылады, баяндаудың логикасы индуктивтік және дедуктивтік жолмен жүзеге асырылуы мүмкін.

Репродуктивтік (қайтадан айту) әдіс мынадай белгілерге ие:

- оқушыларға білім «дайын» күйінде ұсынылады;
- мұғалім білімді хабарлап қоймай, сонымен бірге оны түсіндіреді;
- оқушылар білімді саналы меңгереді, оларды түсінеді және еске сақтайды. Меңгергеннің өлшемі – білімді дұрыс қайта айту /репродукциялау/ қажетті берік меңгергендік білімді көптеп қайталау жолымен қамтамасыз етіледі.

Бұл әдістің артықшылығы – үнемділігінде. Ол аз уақыттың ішінде көп көлемді білімді, іскерлік пен дағдыны оқушыларға бере алады. Дегенмен, репродуктивтік әдіс басқа оқыту әдістерімен ұштастырылғаны дұрыс.



## *Ауызша баяндау әдістеріне жататындар:*

баяндау /рассказ/, түсіндіру, әңгіме, дәріс, оқу пікірталасы.

*Баяндау* /рассказ/ оқытудың сөздік әдісі, ол бойынша оқу материалының мазмұны ауызша айтылған күйде беріледі. Баяндауға қойылатын педагогикалық талаптар: сабақ берудің идеялық адамгершілік бағытталғандығын қамтамасыз ету; хабарланатын ақпараттың дұрыстығы; қойылатын, дәлелденетін жағдайлардың дұрыстығын дәлелдеу үшін жарқын көз жеткізетін мысалдарды, фактілерді келтіру; баяндаудың эмоционалдығы; баяндау тілінің жатықтығы және түсініктілігі, беріліп жатқан фактілерді, деректерді бағалауда өзінің тұрғысын, көзқарасын көрсету. Бұл әдістің функциясы – оқытушылық. Бұл әдіс көбінесе бастауыш сыныптарда қолданылды. Мақсатына қарай баяндаудың бірнеше түрін бөледі: баяндау-кіріспе, баяндау – мазмұнын ашу, баяндау – қорытынды.

*Түсіндіру* – оқытудың сөздік әдісі заңдылықтарды, оқылып жатқан объектілердің мәнді қасиеттерін, жекелеген ұғымдарды, фактілерді, табиғаттағы және қоғамдық өмірдегі құбылыстардағы себеп пен салдарды көрсету болып табылады. Түсіндіруге қойылатын педагогикалық талаптар: міндетті, мәселенің, сұрақтың тұқ етерін дәл және анық қою, себеп-салдар байланыстарды, аргументацияны және дәлелді бірізділікпен ашып көрсету; салыстыру, сәйкес келтіру, аналогия тәсілдерін қолдану; жарқын мысалдарды келтіру; баяндаудың анық логикасын қамтамасыз ету.

Түсіндіру барлық жастағы балаларды оқытуда қолданады.

*Әңгіме* – диалогиялық оқыту әдісі, мұнда мұғалім мұқият ойластырылған сұрақтар жүйесі арқылы оқушыларды жаңа материалды түсінуге алып келеді немесе өткенді қалай меңгергендігін тексереді. Әңгіменің мынадай түрлері бар: эвристикалық әңгіме /мұғалім оқушылардағы бар білім мен тәжірибеге сүйене отырып, жаңа білімді меңгеруге және түсінуге ережелер мен қорытындыларды жасауға алып келеді/; хабарландыратын әңгіме /жаңа білімді хабарлау үшін/; бекітуші әңгіме / жаңа материалды оқығаннан кейін қолданады/; жеке әңгіме /сұрақтар бір оқушыға қойылады/; фронталдық әңгіме/ сұрақтар сыныптың бүкіл оқушыларына қойылады/.

Әңгіменің бір түрі - әңгімелесу (собеседование). Әңгіме оқушыны белсенді жағдайға қояды, олардың сөйлеуін және еске сақтауын дамытады, зор тәрбиелік мүмкіншіліктері бар.

***Дәріс*** /лат.lectio - оқу/ теориялық сипаттағы оқу материалын мұғалімнің жүйелі, бірізділікпен, монологиялық баяндауы. Көбінесе жоғары сыныптарда және жоғары оқу орындарында қолданылады. Дәрістік әдістің технологиясы мынадай: оқушыларға жоспарды хабарлау, конспектілеудің ерекшеліктерін көрсету, басты қорытындыны және жалпылауды, интонациялық бөлу және қайталау, риторикалық сұрақтар, иллюстративтік материалды көрсету, ішінара талқылау, сұрақтарға жауап беру, әдебиеттерге қысқаша шолу.

***Пікірталас*** /дискуссия/ /лат.disussio – қарастыру, зерттеу/ шындықты іздеуде оқушыларды ұжымдық белсенді іс-әрекетке қатыстыру арқылы оқыту процесінің қарқындылығын және тиімділігін арттыратын оқыту әдісі.

Оқыту пікірталасының басты функциясы – танымдық қызығушылықты ынталандыру; көмекші функциялары оқытушылық, дамытушылық, тәрбиелеушілік және қадағалаушылық – түзетушілік болып табылады.

## ***Оқытудың көрнекілік әдісіне жататындар:***

көрсетілімдер /демонстрация/, иллюстрациялар, видеоәдіс.

*Көрсетілім* /демонстрация/ /лат.demonstration – көрсету/ - бұл әдістің мәні сабақта бүкіл сыныпқа әр түрлі көрнекілік құралдарды көрсету болып табылады.

Көрсетілімнің объектілері: көрсетілім сипатындағы көрнекілік құралдар – суреттер, кестелер, схемалар, карталар, диапозитивтер, кинофильмдер, модельдер, макеттер, диаграммалар, ірі натуралды объектілер мен препараттар және т.б. мұғалімнің физика, химия, биология т.б. сабақтарында өткізетін тәжірибелері.

Көрсетілімді жаңа материалды меңгергенде, сонымен бірге өткен материалды жалпылағанда және қайталағанда қолданады.

Көрсетілімді қолданудың тиімді шарттары: ұтымды ойластырылған түсініктемелер; көрсетілетін объектіні барлық оқушылардың жақсы көретіндей жағдай жасау; көрсетілімді даярлауға және өткізуге барынша көп оқушыны тарту.

***Иллюстрация*** арқылы мұғалім көрнекілік құралдардың көмегімен оқылып жатқан құбылыстың дәл, анық және түсінікті образын жасайды. Иллюстрацияның функциясы теориялық қағидаларды негіздеу үшін формаларды, құбылыстың мәнін, оның құрылымын, байланыстарын, өзара әрекетін образды көрсету болып табылады. Иллюстрация бүкіл пәндерді оқытқанда қолданылады. Иллюстрация ретінде натуралды және жасанды жасалған заттар қолданылады: макеттер, моделдер, муляждар, көркемөнер шығармалары, фильмдердің, әдебиеттің, саздың, ғылыми шығармалардың бөліктері; карталар, схемалар, графиктер, диаграммалар. Иллюстрацияны тым өрескел қолдану оқушылардың ойлау процесінің дамуын тежейді.

*Видеоәдіс.* Соңғы жылдары мектеп практикасында ақпаратты экран көздері /кодоскоп, проекторлар, киноаппараттар, оқу телевидениесін, видеомагнитофондарды, компьютерлер/ кеңінен пайдалануда, сондықтан оны оқытудың жеке әдісі ретінде қарастыруға негіз бар. Видеоәдісті барлық дидактикалық функцияларды орындауға қолдануға болады: білім беруге, тексеруге, бекітуге, қайталауға, жалпылауға, жүйелеуге.

**Оқулықпен және кітаппен жұмыс – оқушыны дербес жұмысқа қатыстырудың амалы**

## ***Практикалық әдістерге жататындар:***

жаттығулар, лабораториялық әдіс, практикалық әдіс, танымдық /дидактикалық/ ойындар.

***Жаттығу*** - әрекетті меңгеру немесе оның сапасын көтеру мақсатындағы мақсатты түрде ұйымдасқан қайтадан қайталайтын оқыту әдісі болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған жаттығусыз оқу және практикалық іскерліктер мен дағдыларға ие болу мүмкін емес.

Жаттығуларды былайшы бөледі: арнайы /оқу, еңбектік іскерліктер мен жаттығуларды қалыптастыруға бағытталған көп рет қайталанатын жаттығулар/, /туынды/ /бұрыннан қалыптасқан дағдыларды қайталауға және бекітуге септігін тигізеді/, түсінік беріп отырылатын (орындалып жатқан әрекетке мұғалімдер мен оқушылар түсінік беріп отырады).



*Жазбаша жаттығулар* /стилистикалық, грамматикалық, орфографиялық диктанттар, шығармалар, конспектілер, есептер шығару, тәжірибені суреттеу т.б./ оқытудың маңызды компонентін құрайды. Олардың басты міндеті: қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру, дамыту және бекіту.

*Графиктік жаттығулар* математиканы, физиканы, сызуды, география, сурет салу сабақтарында, сонымен бірге өндірістік оқыту процесінде қолданылады.

*Лабораториялық-практикалық жаттығулар* еңбек құралдарын, лабораториялық жабдықтарды /приборлар, өлшеуіш аппаратуралары/ қолдануға дағдысына үйретеді, конструкторлық-техникалық іскерліктерді дамытады.

*Лабораториялық әдіс* оқушылардың өздігінен эксперимент, зерттеу жұмыстарын жүргізуіне негізделеді. Тәжірибелер жеке немесе топта жүргізілуі мүмкін. Проблемдік /зерттеушілік/ лабораториялық әдіс әсіресе тиімді. Онда оқушылар өздері зерттеудің болжамын анықтайды, оны орындаудың жолдарын белгілейді, қажетті материалдарды және приборларды таңдайды.

*Практикалық әдісте* оқушылар алған білімді практикалық міндеттерді, есептерді шешуде қолданады. Бұл әдістің функциясы – білім мен іскерлікті тереңдету, қадағалау және түзету танымдық іс-әрекетті ынталандыру /стимулдау/ міндеттерін шешу.

## Бақылау сұрақтары

- Оқыту әдісі дегеніміз не?
- Әдіс құрылымынан қандай құрамдық бөліктерді бөліп көрсетуге болады? Әдістерді жіктеудің мәнін ашып көрсет
- Оқыту функциялары қандай функцияларды орындайды?
- Әңгіме әдісінің мазмұнын ашып көрсет.
- Танымдық іс-әрекеттің типіне қарай оқыту әдістерін классификацияла.
- 5. Ауызша баяндау әдістері дегеніміз не, және оған қандай әдістер кіреді?
- 6. Оқытудың көрнекілік әдістері дегеніміз не, және оған қандай әдістер кіреді?
- Оқытудың практикалық әдістері дегеніміз не, және оған қандай әдістер кіреді?



---

## **Семинар 21. Тақырыбы: Оқыту мен білім беру теориясы (Дидактика).**

Жоспары:

1. Оқытудың мақсат, міндеттері.
2. Дидактиканың негізгі ұғымдары
3. Оқытудың әдіснамалық және психологиялық негіздері
4. Оқытудың атқаратын қызметтері.

## **Семинар 22. Тақырыбы: Оқыту әдістері.**

Жоспары:

1. Оқыту әдістерінің мәні.
  2. Оқыту әдістерінің классификациясы
  3. Педагогикалық процестегі диагностика.
  4. Оқу-танымдық әрекет: құрылысы және нысандары.
-

**білім беру, оқыту, сабақ  
жүргізу, оқу , оқыту  
принциптері**

Тұлғаның ақыл ойын дамытып ,  
танымдық дағды қалыптастырып,  
адамгершілікке негізделген имандылық  
тәлімдерін бойына сіңіру - ...

**Оқу-тәрбие жұмыстарының алдында  
тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін  
мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс  
істеу үшін қолданатын тәсілдері.**



Білім, іскерлік және дағдыны игеру заңдылықтарын ашады

Білімді игеру процесі қандай заңдылықтарға бағынады?


Білім берудің көлемі мен құрылым мазмұнын анықтайды?

Білім берудің құрылымын анықтауда қандай талаптар қойылады?

Оқытудың әдістері мен ұйымдастыру формаларын шыңдайды

Оқытудың әдістері мен формаларын таңдау негізінде қандай тәсілдер жатыр?

Дидактика ғылым ретінде пән өрісінде әрекет ететін заңдылықтарды зерттейді, оқыту үрдісінің процесінің барысын және нәтижесіне жағдай жасайтын теуелділіктерді сараптайды, жоспарланған мақсат міндеттердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін әдістерді, ұйымдастыру формалары мен құралдарын анықтайды.



Олардың негізінде ол екі басты қызмет атқарады:



# *ДИДАКТИКА*

```
graph TD; A[ДИДАКТИКА] --- B[Мақсат  
(Не үшін оқиды?)]; A --- C[Принциптер  
(Неге және қалай оқытады?)]; A --- D[Маммұны  
(Нені оқытады?)]; A --- E[Әдістер және құралдар  
(Ненің көмегімен оқытады?)]; A --- F[Ұйымдастыру формалары  
(Қайда оқытады?)];
```

*Мақсат  
(Не үшін оқиды?)*

*Принциптер  
(Неге және қалай оқытады?)*

*Маммұны  
(Нені оқытады?)*

*Әдістер және құралдар  
(Ненің көмегімен оқытады?)*

*Ұйымдастыру  
формалары  
(Қайда оқытады?)*

# Оқыту процесінің

Бірінші қызметі –  
оқушыларға білім  
беру.

Білім беру, біріншіден, ғылым негіздеріне сай оқушыларды нақты фактілермен, қағида және түсініктермен, заңдылықтармен қаруландыруды міндеттесе, екіншіден солардың негізінде, дүниедегі әртүрлі құбылыстарға олардың ғылыми көзқарасын тәрбиелеу.

Екінші қызметі –  
тәрбиелеу.

Оқыту процесі барысында оқушыларды теориялық білімдер жүйесімен қаруландырып, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып дамыту. Тәрбие процесі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда оқытудың барысына қолайлы ықпал етеді, соның негізінде тұлғаның танымдық қызметі мен оқуға деген қызығушылығы артады.

Үшінші қызметі –  
дамыту

Оқыту барысында оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу негізінде тұлғаның ақыл-ойы, сана-сезімі, шығармашылық қабілеті т. б. Көптеген тұлғалық қасиеттерінің дамуына, біліктіліктері шындалып, қабілеттерінің артуына оң әсер етеді. Яғни, тұлға жан-жақты қалыптасып дамиды.

оқу-танымдық  
іс-әрекетті  
ынталандыру  
дың әдістері

Себептендіру  
дің әдістері;  
қадағалаудың  
және өзін-өзі  
қадағалаудың  
әдістері

оқу-танымдық  
іс-әрекетті  
ұйымдастыруд  
ың және жүзеге  
асырудың  
әдістері



әңістері  
қалыптандыру  
және өзін-өзі  
қадағалаудың  
әдістері

әңістері  
қалыптандыру  
және жүзеге  
асырудың  
әдістері

классификациясы бойынша оқыту  
әдістері үлкен үш топқа бөлінген

**B****A****C****D**

## Оқытудың әдістері

*Баяндау /рассказ/ \_\_\_\_\_*

*Дәріс /лат.lectio - оқу/ \_\_\_\_\_*

*Пікірталас /дискуссия/ \_\_\_\_\_*

*Әңгіме / диалогиялық оқыту әдісі/ \_\_\_\_\_*

**оқу- оқытудың  
басты әдістері**

```
graph TD; A[оқу- оқытудың басты әдістері] --> B[басты талап және тиімділіктің негізгі көрсеткішіне – игерілгенді қалтқысыз қайталап жаңғырту ептілігі алынады];
```


**басты талап және  
тиімділіктің  
негізгі  
көрсеткішіне –  
игерілгенді  
қалтқысыз  
қайталап  
жаңғырту ептілігі  
алынады**

**БСІЕ ҚАҒЫРБҰ  
СҮРІНСҮРІ  
ДҮСІНДІ  
ЖАҒЫРБҰ СҮРІН**

Педагогикада дидактика ұғымын  
тұңғыш рет еңгізген неміс педагогы .....  
болды.

Педагогика ғылымының философия  
шеңберінен өз алдына дербес ғылыми пән  
болып қалыптасуына айырықша үлес  
қосқан

Оқыту – оқушының жалпы рухани дамуын  
қамтамасыз етуі қажет дейді.




Ян Амос Коменский  
(1592-1671)



Ю. К.Бабанский  
(1927 —1987)



Л. В. Занков  
(1901 — 1977)



В. Ратке (1571-1635)



**бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы.**

**педагогикалық технология кешенді, бірігімді процесс.**

**Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды.**

